



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Макросауалнама: сарапшылар экономиканың өсімі мен мұнай бағасына қатысты болжамдарын өзгертті**

Астана

2025 жыл, 21 тамыз

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген кезекті макроэкономикалық сауалнаманың нәтижесін [жариялады](#).

Brent маркалы мұнай бағасы, ЖІӨ, инфляция, базалық мөлшерлеме, тауарлар мен қызметтердің экспорты және импорты, сондай-ақ теңге бағамы – сауалнаманың негізгі параметрлері болды.

### *Экономикадағы өсім мен мұнай бағасы*

Осы жылдың тамыз айында сауалнамаға қатысқандар барлық болжамдық кезеңде мұнай бағасына қатысты сценарийлік күтулерін жақсартты. 2025 жылға Brent маркалы мұнайдың медианалық бағасы баррель үшін 68,9-дан **69,5** АҚШ долл. дейін көтерілді. 2026 және 2027 жылдары да бағалар баррель үшін **69,5** АҚШ долл. деңгейінде тұрақтанады деп күтілуде (бұрын – барр. үшін тиісінше 69,0 және 68,5 АҚШ долл.).

Қазақстанның экономикалық өсу қарқыны бойынша болжамдар 2025 жылға 5,1%-дан **5,2%-ға** дейін, 2026 жылға 4,6%-дан **4,7%-ға** дейін жоғары қарай қайта қаралды. 2027 жылға экономикалық өсім **4,4%** деңгейінде күтіледі.

### *Инфляция және базалық мөлшерлеме*

Сауалнамаға қатысушылардың 2025–2026 жылдарға арналған инфляциялық күтулері жоғары бағытқа қарай ығыса түсті. 2025 жылы инфляция – **11,3%** деңгейінде (бұрын – 11,0%), 2026 жылы – **9,5%** (бұрын – 9,0%) болады деп болжанады. 2027 жылы инфляциялық қысымның азаюына байланысты болжам 7,0%-дан **6,5%-ға** дейін төмендетілді.

Базалық мөлшерлеме бойынша медианалық мәндер 2025 жылдың соңына дейін **16,5%** деңгейінде сақталды. 2026 жылға бұл көрсеткіш 14,0%-дан **14,3%-ға** дейін қайта қаралды. 2027 жылы инфляциялық қысымның бәсеңдеуіне байланысты мөлшерлеме 11,8%-дан **11,3%-ға** дейін төмендейді деп күтіледі.

### *Сауалнамаға қатысқан респонденттердің құрамы туралы*

Сауалнамаға Қазақстан бойынша макроэкономикалық көрсеткіштерді талдаумен және болжаумен айналысатын **13 ұйым** қатысты. Респонденттердің қатарына нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ рейтингтік агенттіктер кіреді.

**Макроэкономикалық сауалнамаға Ұлттық Банк болжамдары кірмейтінін** еске саламыз. Ол қазақстандық және әлемдік нарықтардағы жағдайдың даму барысына қатысты нарықтағы кәсіби қатысушылардың тәуелсіз пікірлеріне, бағалауларына және күтулеріне жасалған шолудан тұрады.

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

+7 (7172) 775 205

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)